

## Абай атындағы Шұбаркөл ЖОББ мектебі

Ата-аналар комитеті отырысы  
№ 1 хаттамасы 27.08.2024 жыл

Қатысқандар: 20 адам

### Күн тәртібінде

1. Шұбаркөл жалпы орта білім беру мектебінің 2024-2025 оқу жылындағы өзгерістер, жаңа мазмұнды білім беру ерекшеліктері туралы.
2. 5 күндік оқу аптасы және сабақ ұзақтығының 45 минут болатындығы туралы.
3. Жұмыстық оқу жоспарындағы вариативтік бөлігінің таңдау сабақтарын туралы.

Тыңдалды: Мектеп директоры Оспанов Н.Х.

Жаңа 2024-2025 оқу жылындағы жаңалықтар мен өзгерістер жайында кеңінен түсіндіріп айтты. Жаңартылған білім мазмұнына байланысты мектептегі сабақ бес күндік оқу аптасы, сабақтар 45 минуттан болады.

Тыңдалды: оқу ісінің меңгерушісі Г.Б.Кусаинова 2024-2025 оқу жылында 1-11- сыныптар жаңартылған білім мазмұнымен оқытылатыны және ерекшеліктеріне тоқталып түсіндірді. Оқу жылының екі аптаға ұзартылғаны және вариативті таңдау пәндерінің оқу жүктемесі қысқарғаны туралы айтылды.

Оқу жоспарының вариативтік бөлігі бойынша төмендегі сабақтарды жүргізуге ұсыныс жасады.

Курстың мақсаты: Жаһандық азаматтық құзыреттіліктері бар бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. Курс бағдарламасы оқушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып әзірленген алты бөлімнен тұрады: «Парасаттылық және әдеп» бөлімі, «Азаматтық және патриотизм» бөлімі, «Медиасауаттылық» бөлімі, «Тіршілік қауіпсіздігі» бөлімі, «Экологиялық мәдениет» бөлімі, «Зайырлылық және дінтану» бөлімі (9 сынып).

4. Курстың міндеттері:

- 1) оқушыларды қазіргі заманның жаһандық сын-қатерлерімен таныстыру;
  - 2) жеке тұлғаның тұрақты даму мәдениетін қалыптастыру;
  - 3) оқушыларға жергілікті, аймақтық, ұлттық, жаһандық оқиғалар, олардың себептері мен салдары туралы аналитикалық бағалау түсінігін дамыту;
  - 4) басқа адамдардың қажеттіліктері мен құқықтарына жанашырлық атмосферасында тәрбиелеу;
  - 5) мазмұнды және шығармашылық оқу дағдыларын қалыптастыру.
5. «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы бойынша оқу жүктемесінің көлемі:
- 5-сыныпта – аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағат;
  - 6-сыныпта – аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағат;
  - 7-сыныпта – аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағат;
  - 8-сыныпта – аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағат;
  - 9-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

Оқушылардың логикалық ойларын одан әрі дамыту мақсатында 1-4 сыныптарда «Логика» қосымша сабағы енгізілді. Абайтану 10-11- сыныптарда, Эссе жазу 10-11- сыныптарда факультатив түрінде өткізілсін.

### Шешімі:

Жоғарыда аталған факультатив жұмыстары оқу жоспарына енгізіліп, бекітілсін.

Қамқоршы кеңесінің төрайымы:

Хатшысы:

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

  
Абылкадырова А.К.  
Жанбекова Ж.Б.  
Саметов К.Ж.  
Мейрамова Ж.А.